

Банк омбудсманының 2017 жылғы қызметінің қорытындылары туралы есеп.

Өкілдер кеңесінің құрамы 2017 жылғы 01 шілдеде өкілдің 31 мүшесінен тұрды. Оның ішінде 28-і екінші деңгейлі банк, 1-і ипотекалық компания, ҚР Ұлттық Банкі және «Ел бірлігі» қоғамдық бірлестігі бар.

2017 жылы түрлі көздер арқылы қарыз алушылардан 1010 өтініш келіп түсті. Азаматтарды жеке қабылдау Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 175 мекенжайы бойынша орналасқан банк омбудсманының кеңсесінде жүргізілді. Айдың бірінші және үшінші дүйсенбісі, Әйтеке би көшесі, 67 мекенжайы бойынша орналасқан ҚР Ұлттық Банкінің Қоғамдық қабылдау бөлмесінде жүргізілді.

«Нұр Отан» партиясының Орталық қоғамдық қабылдау бөлмесімен ынтымақтастық туралы Меморандумына сәйкес азаматтарды қабылдау Астана мен облыс орталықтарында да жүргізілді.

Презентацияның бірінші диаграммасы бойынша банк омбудсманының өтініштері бойынша жалпы динамиканың сақталғанын көруге болады.

Іссапарлар Астана, Шымкент, Жетісай, Атырау, Ақтөбе, Петропавл, Өскемен қалаларында жүзеге асырылды. Іссапарлар барысында 176 адам қабылданды.

Дәстүрлі пошта арқылы 29 өтініш, WhatsApp мессенджері -7 , электрондық пошта -74, телефон -343, сондай-ақ, онлайн режимде сайтқа 223 өтініш, жеке қабылдау арқылы 158 қарыз алушының өтініштері келіп түсті.

Сондай-ақ, бүгінде 10 іс ашылды, олардың бірі жұмыста. Келіспеушіліктерді реттеу туралы шешім 9 іс бойынша қабылданды.

Жалпы, менің қызметімде 2013 жылдың 15 шілдесінен бастап бүгінгі күнге дейін 4744 өтініш қаралып, 150 іс ашылды.

Слайдтарда ЕДБ бөлінісінде өтініштер бөлінісі және еліміздің өңірлері бойынша географиясы 2017 жыл бойынша көрсетілген. ЕДБ бойынша өтініштерді бөлу кестесінің деректері үшін көрсетілген мәлімет және ешқандай саяси жүктеме көтермейді. Банк омбудсманы үшін осы келіспеушіліктердің қандай банкпен туындағанына қарамастан, қарыз алушының жеке тұлға өтінішінің мәні басты фактор болып табылады.

Банк омбудсманының қызметі БАҚ-та кеңінен жарияланды. Мен қатысқан сапарлар туралы ақпарат пен іс-шаралар, сұхбат жариялау, мерзімді түрде www.bank-ombudsman.kz сайтында орналастырылды.

2017 жылғы маңызды оқиғалардың бірі 2017 жылғы 05 шілдеде өткен банк омбудсманын сайлауы болып табылады. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізілді. БАҚ өкілдері үшін, сондай-ақ «Әділет» колледжінің заң факультетінің студенттері үшін дәрістер өткізілді.

Сондай-ақ, 2017 жылдың 01 шілдесінде банк омбудсманы «Нұр Отан» партиясынан азаматтарды қабылдауға және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға белсенді қатысқаны үшін алғыс хат алғанын атап өткім келеді.

Сондай-ақ, банк омбудсманының сайтына жергілікті және шетелдік келушілердің де қатысуы артқанын атап өткім келеді. Біздің сайт 2017 жылы 50 691 көрсетілім жинады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 15 000-ға артық.